

Б.К. Қалшабаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: kalshabaeva_b@mail.ru

ҰЛЫ ДАЛА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ЭТНОБЕЛГІЛІК ЖҮЙЕНІҢ ҚАЗАҚТЫҢ ДӘСТҮРЛІ ДҮНИЕТАНЫМЫМЕН САБАҚТАСТЫҒЫ

Мақалада Ұлы дала мәдени құбылыстарындағы этнобелгілік жүйенің қызметі мен маңызы, олардың қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен сабақтастығы қарастырылады. Сондай-ақ мәдениеттің этнобелгілік жүйесін енгізетін семиотикалық жүйенің теориялық аспектілері талданады. Мақала авторы аталған тақырыптың зерттелу деңгейін, оның этнографиялық зерттеулерде маңызын қарастырады. Семиотика, мәдениеттің этнобелгілік функциясы және олардың халықтың дүниетанымын қалыптастырудағы ролі мен орны жөніндегі әртүрлі концепциялар талданады.

Этнология ғылымында халықтың этногенезі, этникалық тарихы, дәстүрлі мәдениетін танып білу, этнобелгілік жүйе, мәдениеттің семиотикасын зерттеу маңызды, әрі өзекті мәселе болып саналады. Осы мәселелер пәнаралық байланыста қарастырылады.

Дәстүрлі дүниетанымдағы мәдениеттің этнобелгілік жүйесінің сабақтастығын айқындау үшін семиотикалық этнобелгілік жүйедегі діни аспектілер, атап айтқанда: әлемнің аңыздық-діни сипаты (Көк Тәңірі жөнінде), көшпенділер Көк Тәңірін жалғыз жаратушы деп санады, соңында қазақтарда Тәңірі мен Алла сөзінің мағынасы бір синонимге айналды, адам, әлем, социум, жақсы өмірдің қағидалары; әдет-ғұрыптардың семиотикалық әртүрлілігін; олардың халық өміріне барлық жағынан енуін қарастырды. Автор мақалада тақырыпты ашуда, яғни ежелгі мәдениеттің қазақ халқының дәстүрлі мәдениетімен сабақтастығын айқындауда салыстырмалы әдісті қолданды.

Түйін сөздер: семиотика, этнобелгілік жүйе, Ұлы дала, дәстүрлі дүниетаным, мәдениет, қазақ мәдениетімен сабақтастық.

B.K. Kalshabayeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: kalshabaeva_b@mail.ru

Continuity of ethno-sign systems in the culture of the Great Steppe with the traditional Kazakh worldview

The article is devoted to the meaning and function of ethno-sign systems in the phenomenon of the Great Steppe culture, and their continuity in the traditional worldview of the Kazakhs. The article analyzes the theoretical aspects of semiotic systems, which include ethno-sign systems, the phenomena of the Great Steppe culture. Various concepts of researchers about semiotics and ethno-symbolic functions of culture, and their place and role in the formation of the people's worldview are analyzed. The author of the article examines the issues of the study of the topic and their importance in ethnographic research. To identify in the continuity of ethno-sign systems of culture with a traditional worldview, the religious semiotic ethno-sign systems are presented: a mythological-religious picture of the world, i.e. knowledge about God (Tengri,), man, society, world; about the principles of moral life; rituals with their semiotic variety and pervasive influence on the forms of everyday life. The nomads considered the only creator of the Tengri, subsequently Tengri and Allah became synonyms among the Kazakhs. The author in the article also used the method of comparative analysis to reveal the continuity of ancient cultures with the traditional cultures of the Kazakh people.

Key words: semiotics, ethno-sign systems, the Great Steppe, traditional worldview, culture, continuity of Kazakh culture.

Б.К. Калшабаева

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: kalshabaeva_b@mail.ru

Преимственность этнознаковых систем в культуре Великой степи в традиционном мировоззрении казахов

В статье рассматривается значение и функции этнознаковых систем в феномене культуры Великой степи, их преимственность в традиционном мировоззрении казахов. Также проанализированы теоретические аспекты семиотических систем, включающих этнознаковые системы культуры. Автор статьи рассматривает степень изученности данной темы и ее значение в этнографических исследованиях. Анализирует различные концепции исследователей о семиотике, этнознаковых функций в культуре, место и роль в формировании мировоззрения народа.

В этнологической науке изучение этногенеза народа, этнической истории, традиционной культуры, преимственность этнознаковых систем, семиотики культуры является важной и актуальной проблемой. Эти вопросы рассматриваются в междисциплинарном подходе.

Для выявления преимственности этнознаковых систем культуры в традиционном мировоззрении автор рассматривает религиозный аспект семиотических этнознаковых систем, таких как: мифологически-религиозная картина мира (о Небесном Тенгри), кочевники считали единственным создателем Небесного Тенгри, впоследствии Тенгри и Аллах превратились у казахов в синонимы; человек, мир, социум; принципы нравственной жизни; семиотическое разнообразие ритуалов с их всепроникающим влиянием в повседневную жизнь народа.

Автор в статье использовал метод сравнительного анализа, чтобы выявить преимственность древних культур с традиционной культурой казахского народа.

Ключевые слова: семиотика, этнознаковые системы, Великая степь, традиционное мировоззрение, культура, преимственность казахской культуры.

Кіріспе. Мәселенің теориялық аспектісі

Этнологияда халықтың этногенезін, этникалық тарихын, дәстүрлі мәдениетін танып білуде мәдениеттің семиотикасын зерттеудің де өзіндік орны бар. Семиотика – бұл белгі және белгілер жүйесі жөніндегі пәнаралық ғылым. Жалпы семиотика үш бөлімге бөлінеді: синтактика, семантика және прагматика. Этнологияда көбіне семантика бөлімі қарастырылады. Мәдениеттің семиотикасы дегеніміз – бұл мәдениеттің белгілік құралы арқылы барлық мәдени құбылыстарды қарастыру. Олай болса, кез келген мәдениеттің қажетті құрамдас бөлігі әрқашан сақталатын және мәтінді біріктіретін белгілер арқылы берілетін ақпарат болып саналады. Сонымен бірге «мәтін» деп тек жазбаша хабарламалар ғана аталмайды, кез келген артефакт ақпарат тасымалдаушысы ретінде қарастырылады. Семиотика тұрғысынан мәдениет тілінің негізгі құрылымдық бірлігі белгілер жүйесі болып табылады. Функционалды белгілер – бұл тікелей прагматикалық мақсатты көздейтін заттар мен құбылыстар және олар белгілерге айналады, өйткені олар адам әрекетіне енеді және ол туралы ақпарат алады (Лотман, 2020). Функционалды белгілер көбінесе аналогиямен байланысты екінші реттік мағыналарға ие болады, бұл әсіресе ырымдарда айқын көрінеді: ат – бақытқа

орай, бос шелегі бар әйел – өкінішке орай және т.б. мысалдарды келтіруге болады.

Ағылшын этнологы Л. Уайт: «мәдениет ұғымы тек адамзат қоғамына тән, әрі қызмет атқару мен дамудың өзіндік заңдылықтарын иеленетін соматикалық жүйенің сипаттамасын білдіреді. Сонымен бірге мәдениет интегративтік жүйе бола отырып, қоғам мен әлеуметтік жүйеге сәйкес келмей-ақ, адамдық болмыстың қыр-сырын сақтайтын өзіндік ерекшелікке ие», – деп көрсетеді (Давидович В.Е., Жданов Ю.А, 1979: 42). Бұл жерде Л. Уайттың тұжырымдамасы мәдениет адамзат қоғамымен бірге өмір сүре отырып, адамның адамдық қасиетін сипаттайтындығын ұғындырады. Сондай-ақ, мәдениет құбылыстардың, түрлер мен белсенділік нормаларының, заттардың (құралдардың, құралдар көмегімен жасалған нәрселердің), идеялардың (наным-сенімнің, білімнің) және рәміздік пішінде бейнеленген сезімдердің (ұстанымдардың, қарым-қатынастардың, құндылықтардың) ұйымдасуын көрсетеді, деген анықтаманы береді (Орлова, 1994: 20). Ол адам өмірінің ерекше қыры оның «этнобелгілік» (рәміздік) сипаты болып табылатынын, ал «мәдениет» ұғымы тек адамға тән және этнобелгілік (рәміздік) деп аталатын феномендердің ерекше категориясының атауын білдіретінін айтты (White, 1959: 237).

Халықтың этногенезін, мәдениетін зерттеуде этнобелгілік жүйенің маңыздылығы жөнінде Клод Леви-Стросс: «Бір халықтың әдет-ғұрыптарының жиынтығы әрқашан қандай да бір стильмен белгіленіп, олар жүйені құрайды. Мен бұл жүйелердің саны шексіз емес екендігіне және адамзат қоғамы ешқашан абсолютті мағынада жасамайтындығына, бірақ қайта құруға болатын белгілі бір идеялар жиынтығындағы белгілі тіркесімдерді таңдауға қанағаттанатындығына сенімдімін» (Леви-Стросс, 2001: 78). Басқаша айтқанда, әр халық белгілерден тұратын өзіндік жүйені жасайды және мұндай жүйелердің әрқайсысы ерекше. Бұл белгілік жүйелер қоршаған ақиқатты, оның реттілігін түсіну құралы ретінде жасалған. Дәстүрлі мәдениетте социокосмос модельдері түрінде жүзеге асырылған табиғаттың немесе қоғамның әрбір элементінің орны бар. Белгілер жүйесін қайта құру адамдардың дүниетанымын түсінудің кілтін ұсынады. Олар белгіні материалды нысан ретінде кең мағынада түсінуге негізделіп, белгілі бір жағдайда кез келген нәрсе болуы мүмкін, кейбір белгі нақты немесе ойдан шығарылған, құбылыс, үдеріс мағынасына сәйкес келеді (Агеев, 2002: 50-51). Бұл белгілер жоғарыда айтылғандай белгілік жүйесін құрайды. Осы белгілердің көмегімен міндетті түрде әртүрлі мәтіндер құрылады, жазбаша немесе ауызша болуы міндетті емес, олар визуалды бола алады.

Олай болса, халықтың пайда болуымен бірге оның тұрмыс тіршілігімен байланысты мәдениеті де қалыптасады. Осы жөнінде XIX ғасырдың көрнекті этнограф-тарихшысы, эволюциялық ғылыми-теориялық мектептің негізін салушы Эдвард Тэйлор былай дейді: «Адамзат тарихы – табиғат тарихының бір бөлшегі және адамның ой, тілектері мен әрекеттері өсімдіктер, жануарлар дүниесімен және толқындар қозғалысын басқаратын химиялық элементтер тіркесімен де сабақтасады. Осы заңдардың ішіндегі ең маңыздыларының бірі – бір жағынан, «адам табиғатының жалпы ұқсастығы» болса, екінші жағынан, «өмір сүру салтының жалпы ұқсастығы». Дамудың ұқсастығы кезеңдерінде адамзаттың біртұтастығы мен оның мәдениетінің біртектілігі түзіледі. Сонымен қатар, бұл қадамдар біртіндеп даму кезеңдері болып табылады және олардың әрқайсысы тек өткеннің жемісі ғана емес, сонымен бірге болашақты құруда да белгілі бір рөл атқарады. Тіпті жабайы тайпаларды өркениетті халықтармен салыстырған кезде де біз мәдениеті төмен қоғамдардың өмірі бірте-бірте неғұрлым озық халықтардың өміріне өтіп жатқанын, сол

не басқалардың тұрмысындағы жеке өмір сүру әрекеті арасындағы байланыс қаншалықты оңай тарайтынын анық көреміз. Осылайша, барлық халықтар мен мәдениеттер бір-бірімен үздіксіз және біртіндеп дамып келе жатқан эволюциялық қатарда», – деп жазады (Тэйлор, 1989: 10). Бұл жерде эволюционист Э. Тэйлордың пайымдауынша, адамзат өзінің қоршаған ортасына қарай өмір сүру салтын түзіп, соған орай мәдениетін қалыптастырады деген тұжырымды ұғамыз.

Мәселенің зерттелуі

Халықпен бірге өмір сүретін мәдениет құбылыстарының терең мәнін түсінуде этносемиотикалық зерттеулердің маңызы жоғары. Бұрынғы Кеңес Одағының аумағында жалпы семиотикалық зерттеулер және әсіресе мәдениеттің семиотикасы Ресей зерттеушілерінің еңбектерінде алғаш көрініс тапты. Ол мынадай жинақта (Этнознаковые, 1991) т.б. еңбектерде жарық көрді. Семиотиканы дамытуда А.К. Байбурин, В.Н. Топоров, Н.Л. Жуковская, (Байбурин, 1983; 1993; Топоров, 1989; Жуковская, 1988), т.б. көп үлес қосты. Олардың еңбегінде көптеген халықтардың аңыздары белгілік (знаковые) жүйе ретінде қарастырылды. Әртүрлі түркі-иран халықтарының аңыздық жүйесі қайта құрылды. Олардың ішінде түріктердің семиотикасына арналған А.М. Сағалаев, И.В. Октябрьскаяның «Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири. Знак и ритуал» монографиясын айтуға болады (Сағалаев, 1990). Авторлар көптеген нақты материалдарды келтіріп, Космос пен Түріктер социумының әртүрлі модельдерін қарастырады, әртүрлі рәсімдерді этнобелгілік жүйе ретінде талдайды. Семиотикалық тұрғыда зерттеу Ю.А. Зуевтің ежелгі түріктер тарихына арнаған еңбегінде де көрініс тапты. Ол өздерінің ата-бабасы Алаш хан деп санаған қазақтың генеалогиялық мифін зерттеді. Ю.А. Зуев Алаш хан бейнесін семиотиканың көмегімен ғана түсінуге болатындығын көрсетті. Мәселен, мемлекет бірлігін нығайту үшін билеуші әр түрлі тайпалардан әйелдер алды, ондағы мақсат тек өзінің мемлекетін ғана емес, сол қыздарын берген елдермен де достық қарым-қатынасты ұстану болды. Бұл әрине мемлекеттің қауіпсіздігін нығайтатыны белгілі. Сол сияқты, кеңестік кезеңде Ю.А. Зуев ежелгі түріктер мен үйсіндердің генеалогиялық аңыздарын семиотикалық мәтін ретінде қарастырды. Екі тайпаның аңызында да олардың әлемінің бір моделі салынғандығы көрсетіліп, зерттеуші

түріктер мен үйсіндердің бірегейлігі жөнінде қорытындыға келді. Бұл тұжырым көп жағдайда түстердің символикасына негізделген. Сонымен үйсін этнонимі Аспан ұғымымен, Көк түрік (көк, аспан түріктері) этнонимі Шығыс, Аспан ұғымымен де байланысты, деп жазды Түріктердің элеуметтік ұйымын қарастыра отырып, оның екілік оппозиция принципіне негізделгендігін көрсетті. Кейінірек ол жеке монография шығарды, онда ежелгі иран және ежелгі түркі тайпалары мен халықтарының этнобелгілер жүйесінің әртүрлі элементтерін мұқият талдап, олардың семантикасын көрсетті (Зуев, 2002).

Қазақстандық авторлардың арасында алғашқы семиотикалық шығармаларға Б. Ибраевтың «Біздің ата-бабаларымыздың космогоникалық бейнелері» (Ибраев, 1973) атты мақаласы, онда ол қазақтардың ғарыш әлемі жөніндегі ұғымдарының әртүрлі модельдерін қалпына келтіруге тырысты. Қазақтың дәстүрлі мәдениетіндегі этнобелгілік құбылыс жөніндегі пайымдаулар Ә.Т. Төлеубаевтың еңбектерінде де кездеседі. Мәселен, «Қазақ халқының табиғат мінажаты және емдеу магиясы» еңбегінде қола, темір, түркі дәуірлеріндегі тұрғындардың мәдениетіндегі Тәңіршілдік, Ғалам, Жер, Су культіндегі этнобелгілік (этнознаковые) жүйесінің мән-мағынасын ашуға бағытталған тұжырымдамалар жасайды (Төлеубаев, 2013). Этносемиотикалық талдаулар Н.Ж. Шаханованың еңбектерінде де арнайы қарастырылып, заттай мәдениеттің семиотикалық мән-мағынасына талдау жүргізеді. Онда қазақтардың баспанасы, киіз үй символдық жүйе ретінде қарастырылған (Шаханова, 1998). Н.Ж. Шаханова қазақтың дәстүрлі мәдениеті феноменіне талдау жүргізе отырып, мәдениеттің элементтерін құрайтын корпусы этностың дәстүрлі өмірінде кездесетін фактілер туралы ғана емес, сонымен қатар сезінетін және ойлана алатын адам жөнінде оның, қоғаммен, табиғатпен, космоспен байланысы туралы көптеген символдық мағыналар туралы ақпараттарды қамтитын ажырамас белгілер жүйесі ретінде қарастырады. Мақалада автордың 2015-2016 жж. жүргізілген далалық этнографиялық экспедициясы материалдары да зерттеудің мазмұнын ашуға мүмкіндік берді.

Сонымен қазақ халқының қалыптасу барысындағы мәдениеттің этнобелгілік жүйесі қазақтың дәстүрлі дүниетанымынан, діни әдет-ғұрыптарынан, салт-саналарынан да көрініс табады. Мәдениетіміздің түп тамыры сонау қола, ерте темір, орта ғасырлар дәуірінен бастау

алып, олардың кейбір элементтері қазірге дейін жалғасын тауып келе жатқандығы белгілі.

Қазақ даласындағы ежелгі тайпалар дүниетанымындағы табиғат культінің семиотикасы

Алғашқы қауым кезеңінде-ақ, адамдар өзін қоршаған дүниенің болмысын, ондағы құбылыстарды қабылдау, түйсіну, ұғыну, меңгеру, тану арқылы өзіндік дүниетанымын қалыптастыра бастады. Адамзат өмір сүретін қоршаған орта, яғни табиғат сол ортаға сай халықтың тіршілік-тұрмысын, шаруашылық-мәдени үлгісін, ұлттық психологияны, тіл мен өнерді, мәдениетті қалыптастыратындығы белгілі. Табиғат құбылыстарына байланысты адам санасынан туындаған әртүрлі наным-сенімдердің шығу себебін қоршаған ортадан іздеу арқылы адам мен табиғат бірлігін түсінуге болады. Табиғат адамды жаратушы ғана емес, оның бүкіл қоғамдық өміріне әсер етуші фактор, сондықтан қазақ даласындағы ертедегі тайпалар да табиғат құбылыстарына бей-жай қарамай, оған мән берген. Осылайша, Ұлы дала тұрғындары ерте кезден-ақ мәдени құбылыстардағы этнобелгілік жүйені дәстүрлі мәдениетпен сабақтастырды. Мәдениеттегі этнобелгілік жүйе қазақ даласындағы ертедегі тұрғындардың наным-сенімдерінен де көрініс табады.

Қазақтың қалыптасу үдерісінен бері жалғасын тауып келе жатқан наным-сенімі мен діни дүниетанымында Табиғат культінің, оның ішінде Жер, Көк аспан, Ай, Күн, жұлдыздардың орны ерекше. Қазақ даласының ежелгі тұрғындары аспанның сакралды денелері деп, оған табынатын болған. Ол жөнінде белгілі ғалым этноархеолог Ә.Т. Төлеубаев былай дейді: «Қазақстанның ежелгі көшпелі және жартылай көшпелі жұртында Күннің культі өте ертеден басталады. Қола дәуіріндегі жерлеу орындарының үстіне салынған дөңгелек қоршаулар, сақтардың «мұртты» обаларының, қабірхана есіктерінің шығысқа қаратылуы, түркі заманының шығысқа қаратылып қойылған мүсін тастары – осылардың барлығы да бұл мәдени нысандарды қалдырушылардың Күнге, күншығысқа мінажат, ғибадат еткендігінің куәлары», – деп жазды (Төлеубаев, 2013: 23). Сондай-ақ, қазақ жерінде табылған алтын адамдардың киімінің негізінен қызыл және сары түстер болуының өзі Күннің және оттың құдіретімен байланысты екендігін білдіреді (Акишов, 1984:127-133). Бұл жерде белгілік нысан Күнге қатысты

мәдени құбылыстардың шығуы мен батуына қатысты түсініктің өзі, дүниетанымымыздағы Күн культінің орнын анықтап береді. Мәселен, ерте кезеңде қазақ жерін мекендеген сақ, түрік тайпаларынан басталған Шығыс туумен, дамумен, өркендеумен, ал Батыс – жоғалу, жойылу, өліммен байланыстырылуы, қазақ түсінігінде де өз жалғасын тапқандығы белгілі. Мәселен, күн батарда күнмен таласып ұйықтама, немесе басқа да шаруаларды істеткізбей, күнмен таласпа, жаман ырым деп жататындығы, күннің батуымен байланысты туындаған сенім екендігінде дау жоқ. Қазақ арасында күннің шығу және батуымен байланысты да әртүрлі наным-сенімдер бар. Мәселен, ел арасынан жиналған материалдарға қарағанда, күннің шығуы мен батуы мезгілдерінде қандай жұмыс болмасын оны қолға алмаған, сондықтан да «күнмен таласпа» деп жатады, не өмірің өтіп бара ма деген сияқты сөздермен тоқтататын болған. Сол сияқты осы мезгілдерде дауыс шығарып жылауға, іс, киім тігу, не күн шықпай малды өріске айдама, күн батқанда малды қорадан шығарма, т.с.с. ырым тыйымдар болған (ДЭЭМ, 2016: 1).

Қазақ даласындағы тұрғындардың Күннен кейінгі аспан денелеріне сыйынуының бірі – ай. Айға да киелі рух иесі ретінде мінәжат еткен. Халық дүниетанымында Ай Күнмен тең қатарда, кейде тіпті одан да жоғары орында болған. Осы сеніммен байланысты мәселен, соғыстарда айбалталар қолданылды, мешіттер мен зираттарға ай орақтары орнатылды. Халық әдебиетінде «ай мүйізді ақ қошқар» сияқты мәнерлер шықты. Халық дүниетанымынан Айдың да мәдениеттің этнобелгілік жүйесін құрайтынын көруге болады. Мәселен, оны да туу, сөнуден байланыстыруы. Ол да 14 күннің ішінде жіңішке орақ ретінде пайда болып, жарты Айға толысып, өсіп өнеді. Келесі 14 күнде біртіндеп кему, мүжілу, тозу, жоғалып біту үдерісі жүреді. Сондықтан да Ай біздің ата-бабаларымыздың мифологиялық дүниетанымында, түсінігінде жаратылып пайда болудың, өсіп-өнудің, толысудың, одан біртіндеп кемудің, азаюдың, түбінде құрып бітудің нақты нышаны, аспандағы көрінісі болып табылғандығын Ә.Т. Төлеубаев өз еңбегінде жазады (Төлеубаев, 2013: 113). Қазақ арасында «Ай көрдім, аман көрдім», – деп, айға тәу ету ғұрпы осы аспан денесіне деген ежелгі наным-сенімдермен байланысты. Айды, Күнді қастерлеу әлі күнге дейін жалғасып келе жатыр. Қазақ ырымында Айға, Күнге қарап түзге отырмау, күнбатысқа, құбылаға қарап бұлай істеу күнаға бату, әрі рух шамданып, ұшынады, ауру

илеп, қуығы тұтылады, жіңішке ауруға тап болады, аузы қисаяды деу әлі күнге дейін кездеседі (Қайырбайұлы..., 1998: 22). Айға табыну жөнінде 2016 ж. қазіргі Түркістан облысы Сарыағаш ауданында жүргізілген Далалық этнографиялық экспедиция барысында, аталған елді мекеннің тұрғыны 85-тен асқан Нұрмағамбетова Үкілім апа былай дейді: «Қазақ арасында әлі күнге дейін жаңа Ай туғанда үш рет еңкейіп сәлем салып, ал жаз мезгілі болса тізерлей отыра қалып, сол жердің шөбін жұлып отқа тастаймыз, бұл ғұрыптың, нанымның мәні: әулетім оттай қаулап өсе берсін, пәле жала, қазадан аман болайық» дегеніміз (ДЭЭМ, 2016: 2). Сондай-ақ, Ай мен Күннің құдіреттілігіне байланысты да неше түрлі ырым-тыйымдар да қалыптасқан, Мәселен, Ай мен Күнге қарай саусағыңды шошайтпа, ай жарығында жалаңбас далаға шықпау, баланың бетіне ай сәулесін түсірмеу, далада ұйықтамау, т.с.с. Ендігі бір ақпарат беруші 80-ге келген апамыз Қоңырбекова Балшекер Айдың толуы басының сақинасы бар адамға әсер ететіндігін, тіпті осы кезеңде психологиялық ауытқушылығы бар адамның денсаулығы да нашарлап, ауруы қозғатындығы жөнінде айтады. Сондықтан мұндай кезеңде қазақтар барынша сақ болып, Ай толғанда алыс сапарға шықпай, тіпті қызды да ұзатпай, бұрынғы кезде үй де тікпеген, – дейді (ДЭЭМ, 2015: 3). Біздің байқағанымыз қазақ арасында әлі де болса Айды киелі рух, қасиет ретінде тану жалғасуда деуге болады.

Діни наным-сенімдердегі семиотика не этнобелгілік жүйелер

Күнделікті тұрмыс-салт тәжірибе көрсеткендей, дін әлеуметтік сананың және өте күрделі семиотиканың формасы ретінде адамдар үшін қол жетімді барлық семиотикаларды біріктіреді. Ал, ол өз кезегінде әлеуметтік байланыстың бүкіл континуумына қатысты параллель семиотикалық континуумның түрін қалыптастырады. Діни семиотикалық континуум мынадай семиотиканы қалыптастырады: әлемнің мифологиялық-діни көрінісі, яғни Құдай, адам, қоғам, әлем туралы білімді; өнегелі өмір принциптері туралы; діндерде әлемді құтқару сипаты мен болашақ өмірі үшін адамның жеке құтқарылу жолдары туралы білімді де қамтиды. Семиотикалық әртүрлілігімен әдет-ғұрыптар күнделікті өмір салтына кеңінен еніп, ғибадатханадан тыс жерде өзін-өзі ұстау және қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік кодтары (бағдарламалары), т.б.

этнобелгілік жүйені қалыптастырады (Лотман, 2020).

Дінге сенушілер дінді көк пен жердегі мәңгілік мәнді адамдар арасындағы байланыстырушы ретінде қарастырады. Бұл байланыс Көк аспан адамдарға ең маңызды білімді жеткізгенін және Көк аспан мен адамдар арасында белгілі бір келісім-шарттың жасалғандығынан тұрады: адамдар Құдайдан алған негізгі білімдерді басшылыққа алып өмір сүруге тырысады және оның көмегіне, қолдауына, жоғарыдан алатын марапатына үміттенеді, соның ішінде кейбір діндер – басқаша, мәңгілік өмір үшін. Әр түрлі діндерде негізгі мағыналар қатарына ақпарат беруге байланысты сөздер кіреді: Аян, Құдай сөзі, өсиет, келісім, пайғамбарлық, ізгі хабар, хабаршы, пайғамбар, қасиетті білім (жазба, дәстүр), сенім нышаны, қасиетті сөзді түсіндіру, уағыз, дұға.

Халқымыздың дүниетанымында исламға дейін ұмытылмай келе жатқан нанымдарының бірі Көк аспанмен астасып байланысып жатқан Көк Тәңірі ұғымы болды. Қазақ қоғамында Тәңірге байланысты наным-сенімдер, әдет-ғұрыптардың орны айрықша болды. Бұл жөнінде С.Н. Ақатаев: «Қазақ жеріндегі ең көне дін – Тәңір діні көне түркілерден келе жатқан дін, діни жүйе. Ол бастапқы кезде ғарыштық, абстрактілі құдай мәнінде көрініс тапқан. Осы көк аспаннан тарап тұрған аса мәртебелі, ерекше құдіретті күш туралы діни сенім ерте ортағасырлардан бастап Еуразияның барлық көшпелілеріне тән еді. Әлемдік мәдениеттануда бұл құдіретке табыну «тенгризм», «тенгриандық» атауларымен белгілі», – деп жазды (Ақатаев, 1984: 45). Тәңіршілдік сенімнің қалыптасуы жөнінде Ә.Т.Төлеубаев өз еңбегінде: «Көне тәңіршілдікте тотемизмнің, анимизмнің, магияның, фетишизмнің, түрлі рухтарға сенімнің негізгі идеялары толығымен орын алған. Тәңіршілдік – өмірі мен тұрмысы, шаруашылығы мен тіршілігі табиғатпен тығыз астасып кеткен дала перзенттері – малшы, одан барып көшпелі малшы тайпаларда пайда болып, мыңжылдықтар бойы жетіліп, өте күрделі философиялық, дүниетанымдық, сенімдік жүйеге айналған», – деп көрсетеді (Төлеубаев, 2013: 99).

«Тәңір» сөзі деректерде ерте кезеңде-ақ кездесетіндігі жөнінде қытай жазушысы Ясин Құмарұлы: «Тәңір сөзі сонау екі мың жылдың арғы жағында осы аталымы бойынша шумер және қытай жазбаларында, кейінгі түрік бітіктерінде кездеседі. Тәңірі этнонимінің басқа халықтарда да көп айырмашылығы жоқ. Мысалы, татарлар

– теңірі, түрікмендер – таңры, түріктер – танры, қазақ – тәңірі, башқұрт – тәңре, алтайлықтар – тенгри, т.с.с. атайды. Түріктердің «тәңгір» сөзіндегі «таң» – аспан. Ал, тәңгір дегендегі «гір» не мағына береді? М. Қашғаридің сөздігінде тәңір сөзінің 3 мағынасы белгіленген: 1) құдай; 2) аспан; 3) ұлы үш мағынасы берілген. Тәңір туралы талдаған ғалымдардың барлығы бұның алдыңғы бөлегін «таң» аспан, көк деп біледі», – деп жазады (Құмарұлы Я, 2014: 101). «Тәңір» этнонимінің ерте кезден-ақ белгілі екендігін басқа да зерттеушілер өз мақалаларында жазады. Онда: «Тәңір сөзі ғұндарда және Шумер сына жазуларында “дингир немесе зингир” (қазақтарда әлі күнге “зеңгір көк” – аспан ұғымы бар) түрінде кездеседі. Ұлы Тәңірдің «көк» «ұлы», «биік», «нұр» сипаттарының өзі аспанды білдіреді. Сипаты жағынан Тәңір еш нәрсеге ұқсамайды. Ол Тәңір болғандықтан Тәңірге ғана ұқсас. Бұл танымдық анықтама Күлтегін, Білге қаған жазбаларында «Тәңірі тег Тәңірі» түрінде кездеседі. Түріктер Тәңірді «Ақ Нұр» (ақ айас), «Ұлы Йеміз» (ар тойын), «Йе-еде», «Хан-Йе» (беруші), «Бай» (Үлкен), «Ата-рухтардың ұлысы», «Жарылқаушы», «Жазалаушы», «Күш беруші», «Құт сыйлаушы» ретінде анықтайды, – деп көрсетеді (Құрманбаева..., 2018: 320-324). Жоғарыда келтірілген зерттеушілердің еңбектерінен байқағанымыз, «Тәңір» ұғымы белгілілік нысан ретінде бірнеше атаумен бір Көк аспанды, жаратушыны білдіріп отырғандығын байқаймыз.

Ұлыдала тұрғындарының дүниетанымындағы «Тәңірі» бейнесі түркі тілдес халықтардың ғана рухани мұрасы емес, ол Орталық Азиядағы барлық халыққа ортақ болды. Оның аталуы әртүрлі болғанмен мағынасы бір болды. Мәселен, оны алтайлықтар – «тенгри», буряттар – «тэнгри», якуттар – «танга ра», тувалықтар – «дээр», шорлықтар – «тегри», монғолдар – «тэнгер» – дейді. Бұлардың айтылуы әртүрлі аталғанмен мағынасы барлық халықтарға бір ұғымды «рух», «алғашқы бастау» дегенді білдіреді. Көне қытай және шумер халқы түсінігінде де Тәңірі өмір мен игіліктің көзі болып есептелінген. Түркі, монғол және басқа халықтар түсінігінде Тәңірінің мекені – көк аспан, ол көк аспанның тұрғындарына иерархия тән. Сондықтан аспан тоғыз қабатқа бөлінеді. Әрбір қабат тағы екіге бөлінеді: жарыққа және қараңғыға, мейірбандық және эзеділдікке. Бұл дегеніміз құдай мейірімді және қатал, құтқарушы және жазалаушы ретінде болады деген сөз. Тәңір қазақтардың түсінігінде Алла, Құдай ұғымдарымен астасып кетті (Сағалаев..., 1990: 136). Тәңір сөзінің мағынасы

жөнінде де Ө.Т. Төлеубаев: «Ежелгі түріктер заманында «тәңір» сөзі мынаны білдірген: 1) аспан, көзге көрінетін әлем бөлігі; 2) құдай; 3) құдіретті; 4) әмірші, мырза. Біздің ойымызша, тәңір сөзі әу бастан-ақ жаратушы, ие деген мағынаны берген. Мұсылманша айтқанда, барлық 24 мың ғаламның үлкен Тәңірі бар. Ол – Алла, Құдай ұғымдарымен пара-пар тәңірі. Сонымен қоса, әртүрлі түркі тайпаларында, әсіресе, қоғамдық-экономикалық дамудың төменгі сатысында тәңір сөзі ие, қолдаушы, қорғаушы мағынасында да кең пайдаланылған болса керек», – деп жазды (Төлеубаев, 2013: 102). Түркі халықтарының ұғымдарында да қарапайым қазақ түсінігінде де Тәңірі сөзінің мағынасының көп айырмашылығы жоқ. Тәңіршілдік көшпелі-париархалды – ата билігі қоғамы жағдайында туындап қалыптасқандықтан онда ата-баба культі, әсіресе, о дүниелік болған ата-бабалардың аруағының алдындағы парыз-қарыздарға жалпы қағидаттарында да көп мән береді. Бұл реттегі тәңіршілдіктің негізгі қағидатын бір сөзбен «Өлі риза болмай, тірі байымайды» деген түсінік негіздейді. Бірақ тәңірі туралы дүниетаным, түсінік сенімдер кейіннен мұсылман дініндегі Алла, Құдай ұғымымен астасып, араласып, сіңіп кетті.

Сонымен, қазақтардың рухани мәдениетінде аспанды Тәңір-Құдай деп құдайға айналдыру осы мәдениеттің маңызды элементі болып табылады. Аспанды құдай деңгейіне көтеру одан қорқуды білдірмеген, ғылым бұл ежелгі мифтер мен діндер әлемін қабылдау ерекшелігі екенін біледі. Қазақтар өз бастауын түркілердің жоғарғы құдайы – Аспан Тәңірінен бастайды. Халықты оның рақымымен басқарған қағандарды «Аспанда туып, Күн мен Аймен безендірген» деп атаған. Түркі мәтіндерінде түркілердің барлық жеңістері Аспан Тәңірімен байланысты болды. Аспанды және оның жарық жұлдыздарын қастерлеу – түркі өркениетіне жататын барлық халықтардың дүниетанымының маңызды белгісі.

Батыс Сібір қазақтарының дүниетанымында ежелгі түркі мифологиялық түсініктерінің тұтас қабаты сақталған. Оның көптеген бейнелері жоғалып кетті, олар тек құдайлардың аттарын сақтап қалды: Тәңір, Құдай, олар қазіргі кезде «Құдай, құдіретті күш» мағынасында қолданылады және іс жүзінде «Алла» сөзінің синонимдері болып табылады. Кейбір егде жастағы адамдардың санасында Орталық Азияның көптеген халықтарына тән көне түркі тектес әлемді модельдеу туралы архаикалық космогоникалық идеялар әлі де бар. Бұл көріністер

мифологиялық санаға тән әлемдердің кеңістіктік қатынасын бекітетіндігімен қызықты. Ежелгі түрік идеяларының қалдықтары – бұл исламмен органикалық түрде біріктірілген рухтарға сену – жердің иелері (жер иесі, су (су иесі), от (от иесі), үй (үй иесі), ата-баба культі-аруақтар культі (Ахметова, 2019: 258). Жалпы, ертедегі тайпалардан басталған табиғатқа, аспан әлеміне деген мінажат қазірге дейін сабақтасып, Алла ұғымымен астасып отыр.

Материалдық мәдениеттегі этнобелгілік жүйелер

Қазақтардың дәстүрлі материалдық мәдениетінің компоненттеріне семантикалық талдау жасауда тұрғын үйлер (киіз үйлер), тамақ жүйелері, киім-кешек, жас тобы және т.б. семиотикасын зерттеудің маңызы зор. Себебі, осы материалдық мәдениеттің құрамдас бөліктерінен этнобелгілік жүйелерді айқын көруге болады. Кез келген зат мәдениет нысаны болуы үшін ол практикалық және символдық талаптарға сай келуі керек. Осыған байланысты мәдениет зерттеушісі А. Леруа-Гран: «Баспанаға символдық мағына бергеннен кейін ғана барып адамның кеңістікті меңгеру әдісі туралы айтуға болады», – дейді (Байбуурин, 1989: 78). Мәдениет көрсеткіші болатын мұраның бірі, қазақ халқының ежелден тіршілік ету көзін қамтамасыз ететін мәдениетінің құрамдас бөлігінің бірі – Киіз үй баспанасы. Материалдық мәдениеттің этнобелгілік жүйесін көрсетуде Н. Шаханова киіз үйді мысалға алады. Ол өз еңбегінде: «Киіз үйдің сол (әйел) және оң (ер) жартысы бар. Ең жоғары семиотикалық мәртебе кіреберіске қарама-қарсы орналасқан (төрге) беріледі. Төр «топ» ұғымымен байланысты. Бәрі бірге тамақтану кезінде үй иесі, ең құрметті қонақ келсе ол төрге орналасады. Кіреберіс «төменгі» ұғыммен байланысты. Киіз үй – әлемнің антропоморфтық моделі. Киіз үйдің әр түрлі бөліктерінде «қабырға», «көз» т.б. атау бар», – деп жазады (Шаханова, 1999). Киіз үйді аспан мен жердің, жалпы әлемнің көрінісі іспеттес етіп қарастырады. Сондай-ақ, қазақ ұғымында босағаны теппеу, құты кетеді деген ұғымдардың болуы да үйдің, шаңырақтың қасиетін қастерлеуден туған. Киіз үйдің ішін 7 бөлікке бөлумен қатар (төр, үй иесінің орны, асхана бөлігі, т.с.с.) екі бөлік етіп те қарастырады. Сол жақ бөлігі отбасылық бөлік және әйелдер бөлігі – үй иелерінің жатын орны, қойма, т.б. орналасса, оң жағы ерлер бөлігі деп – ол жер-

ге ат әбзелдері, ерлердің қару- жарағы ілінетін. Сондықтан да, ерлер жақ бөлігін де қасиетті деп, келіндерге көп аяқ бастырмайтын дейді ақпарат берушілер (ДЭЭМ, 2015: 4). Киіз үй қаңқасы неге жарты шар тәрізді болды, оның шаңырағы неге дөңгелек, есігі неге шығысқа қараған деген сияқты мәселелерде Қ. Борбасова, халқымыздың ерте кездегі дүниетанымына, рухани өміріне үңілу қажеттігін айтады. Олар өз мақалаларында: «Әрине ерте заманда ғылыми көзқарас қалыптаса қойған жоқ, әр адам өзін қоршаған ортаны қалай көрсе солай қабылдаған. Жер қазақтардың түсінігінде жазық дөңгелек тәрізді болған және жеті қабаттан тұрған. Дөңгелек жазық жердің ортасында көк төбе бар. Сол көк төбенің басында көк терек өсіп тұр: ол – өмір ағашы. Міне, осындай өте қарапайым да болса әлемнің құрылысы туралы көзқарасты көруге болады. Біздің ойымызша, киіз үй қазақтардың осы көзқарасының материалдық мәдениеттегі көрінісі сияқты», – деп жазды (Борбасова, 2015: 108-114). Сонымен ата-бабаларымыз үшін, жалпы қазақ халқы киіз үйдің шаңырағын ерекше қастерлеген. Оған байланысты көптеген сенім, ырым, дәстүр қалыптасқан. Мәселен, жерге жатқызбау, шаңыраққа аяқ тигізбеу, тіпті қыздың жасауына киіз үй бергенмен, оның шаңырағын кеткен қызға бермеу, т.с.с. ырымдардан көрініс табатындығы ел арасынан жиналған материалдардан байқадық (ДЭЭМ, 2015:5). Шаңырақ отбасы әулетінің отаны, онда ата-баба аруақтарының қасиеті, құдіреті бар делініп шаңырақ сақталып, бір ұрпақтан екінші ұрпаққа беріліп отырған. Шаңырақтың қасиеті жөнінде Қ. Борбасова мен К. Альджанова: «Шаңырақтың дөңгелек болып келуін де қазақтардың ертедегі көзқарастарымен байланыстыруға болады. Шеңбер, біріншіден, шексіз қозғалыстың, екіншіден, аспан шырақтарының символы.

Шаңыраққа жан жағынан уықтарды қадағанда да, шуағын шашқан Күннің бейнесі шығады. Өйткені Күн – қазақтардың ежелгі сенім формаларының бірі. Күн – бақыт, Күннің шығуы – қуаныш, Күннің нұры – құт. Табиғаттың сұрапыл сиқыр-сырының қаһарынан құтқарушы осы Күн. Суықтың жылуы, қатқанның еруі, Жер анаға жан бітуі – осы Күн құдіретінің арқасы. Күн нұрын шашса, жерге құт бітіп, қазақ халқы алдына салып айдаған төрт түлік малының аузы майланады. Сондықтан да қазақ қарияларының ошақ басында отырып, шаңыраққа қарап сыйынуы осы Күнге бағытталғандығын білдірсе керек», – деп жазды (Борбасова, 2015: 112-114). Сонымен қазақтардың табиғатқа деген культі, көшпенді өмір салты оларды табиғатпен үйлесуге бейімдеді. Олардың дүниетанымында да, бір затты жасағанда да оның алғашқы үлгісін қоршаған ортадан, табиғаттан алған. Сондықтан да қазақ үшін киіз үй әлем моделі іспеттес болды.

Қорытынды

Қорыта келгенде Ұлы Дала төсінде өсіп-өрбіген ата-бабаларымыз әлемге деген дүниетанымын өздерінің күнделікті өмір салтымен үйлестіре отырып, өзінің әр әрекетін табиғат әлеміне бағындыра білген. Қазіргі қоғамда әлемді заттар мен белгілерге бөлу сияқты арнайы белгі жүйелері сипатталмайды, көп қалыптаса да қоймаған десек те болады. Дәстүрлі мәдениетте әр нәрсе тәжірибелік және рәміздік талаптарға сәйкес келгенде ғана мәдениет құбылысы ретінде шартты белгі толығымен заттың құндылықтық қасиетін анықтайды. Мәдениет құбылысын этнобелгілік жүйемен айқындау мәселелері этнология ғылымының да зерттеу нысандарына айналу қажет.

Әдебиеттер

- Агеев В. (2002) Семиотика. Москва: Издательство «Весь Мир», 256 с.
 Акатаев С.Н. (1984) К пережиткам культа Тенгри у казахов // Изв. АН КазССР. Сер. Обществ. Наук. №2. С.40-48.
 Акишев А.К. (1984) Искусство и мифология саков. Алма-Ата, Наука, 176 с.
 Ахметова Ш.К. (2019) Традиционные представления и инновации в мировоззрении казахов Западной Сибири // Известия Омского государственного историко-краеведческого музея. №22. С. 257-263.
 Байбурун А.К. (1993). Ритуал в традиционной культуре. Структурно-семантический анализ восточнославянских обрядов. Санкт-Петербург: Наука, 1993. 253 с.
 Байбурун А.К. (1983). Жилище в обрядах и представлениях восточных славян. Изд. 2-е, испр. Москва-Ленинград: Наука, 191 с.
 Борбасова Қ., Альджанова Н.К. (2015) Қазақ киіз үйінің этно-белгілік жүйелері //ҚазҰУ Хабаршысы. Философия сериясы. Мәдениеттану сериясы. Саясаттану сериясы. №4 (53). Б.109-116.

- Жуковская Н.Л. (1988) Категории и символика традиционной культуры монголов. Москва: Наука, 196 с.
- Зуев Ю.А. (2002) Ранние тюрки: очерки истории и идеологии. Алматы: Дайк-пресс, 332 с.
- Давидович В.Е., Жданов Ю.А. (1979) Сущность культуры. Ростов, с. 42.
- Ибраев Б. (1973) Космогонические представления наших предков // Декоративное искусство СССР. № 8. С. 40-44.
- Қайырбайұлы А., Бопайұлы Б. (1998) Қазақ ырымдары. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 159 б.
- Құмарұлы Я. (2014) Ежелгі түркі тайпаларындағы тотемдік аң-құстар: аңыздық негіздері // Отан тарихы. №3 (67). Б.98-111.
- Құрманбаева Л.Т., Сарбасова А.Б. (2018) Қазақ дүниетанымындағы тәңірлік сенім // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Хабаршысы «Тарих және саяси әлеуметтік ғылымдар» сериясы. №1 (56). Б.320-324.
- Леви-Строс К. (2001). Структурная антропология / Пер. с фр. Вяч. Вс. Иванова. Москва: Изд-во ЭКМО-Пресс, 512 с.
- Лотман Ю. (2000) Типология культур. Мир. Алматы, 2000. 251 с
- Тайлор Э. (1989) Первобытная культура. Москва: Соцэкгиз, 568 с.
- Төлеубаев Ә.Т. (2013) Қазақ халқының табиғат мінажаты және емдеу магиясы. Алматы: «Алдоңғар», 1 том. 184 б.
- Төлеубаев Ә.Т. (2013) Қазақ халқы этнографиясының мәселелері. Алматы: Service Press, 496 б.
- Топоров В.Н. (1989) Пространство культуры и встречи в нем // Восток-Запад. Исследования. Переводы. Публикации. Москва: Наука, 301 с.
- Сағалаев А.М., Октябрьская И.В. (1990) Традиционное мировоззрение тюрков Южной Сибири: знак и ритуал. Новосибирск: Наука. Сибирское отделение.
- Орлова Э.А. (1994) Введение социальную и культурную антропологию. Москва: Наука.
- Основные черты семиотического подхода к культуре. Концепция семиосферы Ю. М. Лотмана// www.tspu.edu.ru/semiotika_kultury_ (Қаралған күні: 05.09.2020).
- Шаханова Н. (1998) Мир традиционной культуры казахов. Алматы: Наука, 197 с.
- White L.A. (1959). The Science of Culture: A Study of Man and Civilization. p. 363.
- White L.A. (1959 a) The Concept of Culture // American Anthropologist. Wash. Vol. 61. P. 227- 251.
- Этнознаковые функции культуры (1991). / Сборник. Москва: Наука, 224 с.

Информаторлар тізімі:

- 1 Сарғалдақов Төлепберген 1930 ж. туған, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Капланбек елді-мекені. // Далалық этнографиялық экспедиция материалдары, 2016.
- 2 Нұрмағанбетова Үкілім 1928 ж. туған, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Капланбек елді-мекені. // ДЭЭМ, 2016.
- 3 Қонырбекова Балшекер 1939 ж. туған, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Бағыс елді мекені // ДЭЭМ, 2015.
- 4 Сыздықов Шәмші 1927 ж. туған, Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы, Бағыс елді мекені // ДЭЭМ, 2015.
- 5 Тәжімұратов Кенже 1946 ж. туған, Түркістан облысы Шардара ауданы // ДЭЭМ, 2015.

References

- Ageev V. (2002) Semiotika. [Semiotics]. Moscow: Ves Mir Publishing House, 256 p.
- Akataev S.N. (1984) K perezhitkam kul'ta Tengri u kazahov [To the remnants of the Tengri cult among the Kazakhs // Izv. Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Ser. Societies. Science]. No.2. S-40-48.
- Akisher A.K. (1984) Iskusstvo i mifologija sakov [The art and mythology of the Sakas]. Alma-Ata, Nauka, 176 p.
- Akhmetova Sh.K. (2019) Tradicionnye predstavlenija i innovacii v mirovoz-zrenii kazahov Zapadnoj Sibiri [Traditional ideas and innovations in the outlook of the Kazakhs of Western Siberia // News of the Omsk State Museum of History and Local Lore]. №22. P.257-263.
- Bayburin A.K. (1993). Ritual v tradicionnoj kul'ture. Strukturno-semanticheskij analiz vostochnoslavjanskih obrjadov [Ritual in traditional culture. Structural and semantic analysis of the East Slavic rites]. Sankt-Peterburg: Nauka, 253 p.
- Bayburin A.K. (1983) Zhilishhe v obrjadah i predstavlenijah vostochnyh slavjan [Dwelling in the rituals and representations of the Eastern Slavs]. – Ed. 2nd, rev. – ML: Science, 1983. – 191 p.
- Borbasova K., Aldzhanova N.K. (2015) Kazakh kiiz uyinin ethno-belgilik zhuyeleri // Kazakh U Habarshysy. [The philosophy of the series. Madeniettanu series. Sayasattanu series]. No. 4 (53). B.109-116.
- Zhukovskaya (1988). Kategorii i simvolika tradicionnoj kul'tury mongolov [Categories and symbols of the traditional culture of the Mongols] Moscow: Nauka, 196 p.
- Zuev Yu.A. (2002) Rannie tjurki: ocherki istorii i ideologii [Early Turks: Essays on History and Ideology]. Almaty: Dayk – press, 332 p.
- Davidovich V.E., Zhdanov Yu.A. (1979) Sushhnost' kul'tury [The essence of culture]. Rostov, p. 42.
- Ibraev B. (1973) Kosmogonicheskie predstavlenija nashih predkov [Cosmogonic representations of our ancestors] // Decorative art of the USSR, No.8. P. 40-44.
- Kaiyrbayuly A., Bopayuly B. (1998) Kazak yrymdary. [Kazakh beliefs] Almaty: “Kazakh encyclopedias”, 159 b.
- Kumaruly Ya. (2014) Yezhelgi turki taipalaryndagy totemdik an kustar: anyzdyk negizderi [Totem animals and birds in the ancient Turkic tribes: on the basis of the legend] // Otan tarikhy №3 (67). P.98-111.
- Kurmanbaeva L.T., Sarbasova A.B. (2018) Kazakh dynietanymyndagy tanirluk senim [Tengriism in the Kazakh worldview] // Abay atyndagy KazKPU-nin Khabarshysy «Tarikh zhane sayasi Aleumettik Kylymdar» series. No1 (56). P. 320-324.

Levi-Strauss K. (2001) *Strukturalnaja antropologija* [Structural Anthropology] / Per. with fr. Viach. Sun. Ivanova. Moskva: Publishing house EKSMO-Press, 512 p.

Lotman Y. (2000) *Tipologija kul'tur* [Typology of cultures]. World. Almaty, 251 s

Taylor E. (1939) *Pervobytnaja kul'tura*. [Primitive culture]. Moskva: Socekiz, 568 p.

Toleubaev A.T. (2013) *Kazakh khalkynyk tabigat minazhaty zhane emdeu magiyasy* [Natural and healing magic of the Kazakh people]. Almaty: "Aldogar", 1 volume. 184 b.

Toleubaev A.T. (2013a). *Kazakh khalks ethnografiasynyk meseleleri* [Ethnography problems of the Kazakh people]. Almaty: Service Press, 2013. – 496 b.

Toporov V.N. (1989) *Prostranstvo kul'tury i vstrechi v nem* [The space of culture and meeting in it] // East – West. Research. Translations. Publications. Moskva: Nauka, 301 p.

Sagalaev A.M. (1990) *radicionnoe mirovozzrenie tjurkov Juzhnoj Sibiri: znak i ritual*. [Traditional worldview of the Turks of Southern Siberia: sign and ritual] / A. M. Sagalaev, I. V. Oktyabrskaya; otv. ed. I.N. Gemuev; Acad. Sciences of the USSR, Sib. department, Institute of History, Philology and Philosophy. Novosibirsk: Science. Siberian branch.

Orlova E.A. (1994) *Vvedenie social'nuju i kul'turnuju antropologiju*. [Introduction to social and cultural anthropology]. Moskva: Nauka.

Osnovnye cherty semioticheskogo podhoda k kul'ture. koncepcija semiosfery Ju. M. Lotmana [The main features of the semiotic approach to culture. Yu.M. Lotman's concept of semiosphere] // www.tspu.edu.ru/semiotika_kulturny_konsultaciya (Date: 05.09.2020).

Shakhanova N. (1998) *Mir tradicionnoj kul'tury kazahov* [The world of traditional culture of Kazakhs]. Almaty: Nauka, 197 p.

White L.A. (1959) [The Science of Culture: A Study of Man and Civilization]. 363 p.

White L.A. (1959 a) *The Concept of Culture* // *American Anthropologist*. Wash. 1959. Vol. 61. P. 227-251.

Jetnoznakovyje funkicii kul'tury [Ethno-sign functions of culture] (1991). / Collection. Moscow: Nauka, 224 p.

List of informants:

1 Sargaldakov Tulepbergen 1930 f. tuylkan, Turkistan oblysy, Saryagash audany, Kaplanbek eldi-mekeni. // *Dalalyk etnografialik expeditiya materialdary*, 2016.

2 Nurmaganbetova Ukilim 1928 f. tuylkan, Turkistan oblysy, Saryagash audany, Kaplanbek eldi-mekeni.// DEEM, 2016.

3 Conyrbekova Balsheker 1939 f. tuylkan Turkistan oblysy, Saryagash audany, Barys eldi mekeni// DEEM, 2015

4 Syzdykov Shumshi 1927zh. tuylkan Turkistan oblysy, Saryagash audany, Barys eldi mekeni // MFEE 2015.

5 Tazhimuratov Kenzhe 1946 f. tuylkan Turkistan oblysy, Shardara audany // DEEM, 2015